



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

20<sup>22</sup> жылығы 01.09 № 170 к/с

№ \_\_\_\_\_ от « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ г.

**2022-2023 оқу жылында тамақтандыруды  
ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 43 бабының 2 тармағының 11 тармақшасына, 48 бабының 5 тармағына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидалары» туралы бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте жекелендірілген санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге мемлекеттік қызмет көрсетудің орындалуы барысында тегін сапалы тамақтандыруды ұйымдастыру жауапкершілігі әлеуметтік педагогтар: А.Е. Дуйсаковаға, М.Ғ. Советке жүктелсін.

2. Әр айдың 1-не дейін мемлекеттік қызмет көрсетудің орындалуы барысының есебі Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының Мемлекеттік сатып алу және инфрақұрылымды дамыту бөліміне тапсырылсын.

3. Ашықтықты қамтамасыз ету барысында, ата-аналар қоғамының өкілдері Бракераждық комиссия құрамына енгізілсін.

4. Мектепте Бракераждық комиссия құрамы бекітілсін.

5. Күн сайынғы ас мәзірі бекітіліп, ата-аналар мен оқушылардың заңды өкілдері үшін асхананың қол жетімді жеріне орналыстырылсын.

6. Мектепте тамақтануды ұйымдастыру кезінде санитарлық ережелер мен нормаларға, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне және әдістемелік ұсыныстарына сәйкес санитарлық эпидемиологиялық талаптардың орындалуы жүзеге асырылсын.

7. Асханадағы кезекшілік кестесіне білім қызметкерлері бекітілсін, оқушыларды кезекшілікке тартуға тыйым салынсын.

8. Тамақтанудың кестесін бекіту кезінде тамақтану уақытының ұзақтығын ескеріп, сабақ арасындағы қоңырау ұзақтығы 15 минутқа сәйкестендірілсін.

9. Буфеттің жылдамдатып қызмет көрсетуді қамтамасыз ету бөлігі бойынша жұмысын ұйымдастыру (қызмет көрсету персоналының, кассир мен сатушылардың санын оқушылардың контингентіне байланысты қарастыру).

10. Сапалы тамақтандырудың ұйымдастырылуы бойынша ақпарат тоқсан сайынғы педагогикалық кеңес отырысында қаралсын.

11. Интернет-ресурстарында «Мектептегі тамақтану» айдарында мектептегі тамақтандыруды ұйымдастыру ай сайынғы ақпарат (мәзір, бракераждық комиссия құрамы) жөнінде ақпарат берілсін.

12. Тамақтанудың сапалылығының есебі ата-аналар қоғамының алдында уақтылы берілсін.

13. Тұрғын емес үйлерді (асханалар мен буфеттер) жалға беруге келісім жасау үшін тамақтандыруды ұйымдастыру қызметі бойынша жабдықтау жөнінде қажетті ақпаратты қаланың мемлекеттік коммуналдық мүлікті басқарудағы өкілетті органына («Нұр-Сұлтан қаласының Коммуналдық мүлік және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ) уақытында берілсін.

14. Буфеттегі тамақтану бағасы (прейскурантта көрсетілген бағадан көтерілмеуін) бақылауға алынсын.

15. Оқушыларды тамақтандыру жүйесі Білім беру ұйымдарына қойылатын Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес (газдалған сусындар, фастфуд, шоколадты батон, майонез, кетчуп, сағызды конфеттер, сағыз т.б. алынып тасталсын) ұйымдастырылсын.

16. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың орынбасарлары Г.С. Нуржановаға және Ш.А. Утебаеваға жүктелсін.

Директор



**З. Киянова**